

Нарықтың монополизациялануына жол бермеу; 8. Биліктен тәуелсіз монетарлы саясат ұстану, ақша құнын биліктегілердің анықтауына жол бермеу; 9. Бюрократтық аппаратты қысқарту және оның тиімділігін арттыру [13].

Низам әл-Мүлік еңбегінің «мемлекетті басқару туралы» кітап ретінде оны барлық билеушінің оқуға мәжбүр екенін баянатының соңында баса айтады:

«Билікші»(билеуші) өзін мәжбүрлей отырып, осы кітапты ұдайы оқып отырсын. Өйткені мұнда кеңес те, даналық та, бұрынғылар айтқан сөз де, Пайғамбар (ғ.с.) туралы баяндаулар да, әділетті патшалар туралы әңгімелер де, кеткендер туралы әфсаналар да, қалғандар туралы сөз де бар. Ұзақтығына қарамастан ол әділетті патшаның назарына лайық. Алла жарылқасын!» деп аяқталады кітап.

Бұл еңбекке тарихи талдау жасау арқылы, орта ғасырлық мемлекеттік жүйе, билеушіге өсиет және мемлекет басқарудың қыр-сыры туралы аталарымыздың біліктілігін біліп қана қоймай, әділетті қоғам құруды мақсат еткен әр бір халық үшін пайдалы мәліметтерге бай екенін көруге болады. Себебі, қай дәуірде болмасын, тарихтан сабақ алу, өткеннің өнегесі-келешекке нық қадам басуға көмектесері анық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. К. Аманжолов, *Түркі халықтарының тарихы, 1-кітап, -Алматы 1996, 95-бет.*
2. Иванов С.Н. *Благодатное знание, изд. Наука, -Москва 1983, 11-15-бет.*
3. Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн. *Құтты білік./ Көне түрік тілінен ауд.А.Егеубай.-Алматы, Өлке, 2006, 12-бет, (қосымша:«https://kk.wikipedia.org/wiki/Құтадғұ_білік»)*
4. В. В. Бартольд, *Тюрки-двенацать лекций по истории тюрецких народов Средней Азии, Алматы-1998, стр.102-103.*
5. Решат Генч, *Қараханидтердің мемлекеттік құрылымы, Ыстанбул-1982, 121-бет.*
6. Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн. *Құтты білік./ Көне түрік тілінен ауд.А.Егеубай.-Алматы, Өлке, 2006, 15-бет.*
7. Бахаддин Өгел, *Ұлы Ғұн империясының тарихы, 1-т, -Анкара 1981, 21-бет.*
8. Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн. *Құтты білік./ Көне түрік тілінен ауд.А.Егеубай.-Алматы, Өлке, 2006, 10-12-бет.*
9. К. Аманжолов, *Түркі халықтарының тарихы, 1-кітап, -Алматы 1996, 102- бет.*
10. Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн. *Құтты білік./ Көне түрік тілінен ауд.А.Егеубай-Алматы 2006, 10-12-бет.*
11. И. Кафесұлы, *«Низам әл-Мүлік», Ислам энциклопедиясы, -Станбул 1988, 329-330 бет.*
12. Низам әл-Мүлк, *Сиясат-наме, аударған: Мехмет Көймен,ТТК басп., -Анкара 1999, 1-25 бет.*
13. Берік Тұрғанбекұлы, *«Сиясат-наме тағлымы», Алаш айнасы, 16-желтоқсан, -Алматы, 2010, 4 -бет*

ӘӨЖ 172.18

МРНТИ 02.31.31

Ислам Жеменей¹

¹“Нұр-Мұбарак” Египет ислам мәдениеті университетінің Әбу ханифа ғылыми –зерттеу орталығы”, филология ғылымдарының докторы, профессор, жетекші ғалым, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

А.К.Бегалиева²

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ЖОО- га дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Алматы қ. E-mail: aysha.1958@mail.ru

«ТАРИХ-И РАШИДИ» ЕҢБЕГІНІҢ АУДАРМАЛАРЫ ҒӘМ ҚОЛЖАЗБА НҰСҚАЛАРЫ ЖАЙЫНДА

Аңдатпа

Мақалада Мырза Қайдар Дұғлаттың «Тарих-и Рашиди» еңбегінің аудармаларына сипаттама жасалып, оның қазақ тарихында алатын орны көрсетілген. «Тарих-и Рашиди» еңбегі парсы тілінде жазылып, дүние жүзінде бірнеше тілдерге аударылды. Еңбектен тек тарих бойынша ғана емес, география, философия, тілдік жағынан да деректік мәліметтер алуға болады.

Авторлар бұл деректік еңбектің қолжазба нұсқаларына да талдау жасаған.

Ислам Жеменей¹

¹ *Научно-исследовательский центр Абу-Ханани Университета исламской культуры Египта «Нур-Мубарак», доктор филологических наук, профессор, ведущий ученый*

Бегалиева А.К.²

² *Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, старший преподаватель факультета довузовского образования, Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: aysha.1958@mail.ru*

ПЕРЕВОДЫ ПРОИЗВЕДЕНИЙ «ИСТОРИЯ-И РАШИДИ» И РУКОПИСЕЙ

Аннотация

В статье рассматривается работа Мирзы Кайдара «Тарих-и Рашиди». Авторы проанализируют переводы «Тарих-и Рашиди» на различные языки, показывают роль работы в истории Казахстана. Подлинник труда написан на персидском языке. Эту работу Мирзы Кайдара можно использовать как источник в исследовательских работах по географии, философии, языка и др.

Также авторы статьи характеризуют варианты рукописи «Тарих-и Рашиди».

Islam J.¹

¹ *Scientific-Research Center Abu-Hanani University of Islamic Culture in Egypt, "Nur-Mubarak", Doctor of Philological Sciences, Professor, Leading Scholar,*

Begalieva A.K.

² *Al-Farabi Kazakh National University, Senior Teacher of the Dovusov Education,*

TRANSLATIONS OF THE WORKS "HISTORY AND RASHIDI" AND MANUSCRIPTS

Abstract

The article reviews the work of Mirza Kaidar «Tarih-i Rashidi». The authors analyze the translations of «Tarih-i Rashidi» into various languages, show the role of work in the history of Kazakhstan. The original of the work is written in Persian. Mirza Kaidar's work can be used as a source in research work on geography, philosophy, language, etc.

Also, the authors of the article characterize the variants of the manuscript «Tarih-i Rashidi».

Мырза Қайдар Дұғлат 1499 жылы Ташкент маңындағы Өретөбе мекенінде дүниеге келіп, 1551 жылы қазіргі Үндістанның Кашмир өлкесінде қаза тапты. Ол өзінің саяси-қоғамдық күрделі өміріне қарамастан екі шығарма жазып, әлем мәдениетінде үлкен мұра қалдырып кетті. Бірі-«Жаханнама» поэмасы, оны түркі тілінде жырлады. Екіншісі-«Тарих-и Рашиди» шығармасы, 1542-1546 жылдары парсы тілінде жазды. «Тарих-и-Рашиди» еңбегі тарихшылармен зерттеушілер тарапынан өте көп сұранысқа ие болып келеді. Оның басты себебі кітапта Шынғысханның Шағатаймен Жошы ұлдарының Түркістан кеңістігіндегі билігімен олардың ұрпақтарының саяси-қоғамдық тағдыры тілге тиек болған. Сондай-ақ кітап түркі еліндегі ислам дінінің қалай дамып, қанат жаюына құнды дерек бола алатын шығарма. Әрі жағрафиялық, тілдік, пәлсапалық тағы басқа тұрғыдан аса жоғары бағаланатын туынды. Аталған ерекшеліктердің барлығы кітаптың қазіргі заманға дейін ғылыми айналымнан түспей кәдеге жарап келе жатқандығынан егіз болды.

«Тарих-и Рашиди» еңбегі сан-алуан тақырыпты қамтыған күрделі туынды. «Тарих-и Рашиди» шағармасында жеке зерттеуге алынатын тақырыптар: моңғұлдар, түркілер, ислам, иран, ауған, үндістан, тибет, Орталық Азия мен қазақ тарихы. Сондай-ақ тілдік ерекшелігі, діни ағымдар, ислам философиясы, сопылық әдебиет пен парсы-түркі тарихы мен әдебиетімен байланыстарын зерттеп, зерделеуге болады. Сол себептен бұл еңбек қазақ пен түркілер үшін тарихи ортақ қайнар іспеттес. Осы тұрғыдан «Тарих-и Рашиди» еңбегін түркілердің ортақ тарихы мен әдебиеті ретінде қарастырған жөн. Осы орайда еңбекті жалпы алғандатөрт тақырып бойынша саралауға болады. Олар:

1. Түркілердің саяси тарихы;
2. Түркілік әдебиеті;

3. Түркі мәдениеті;

4. Түркілік тарихының дерекнамалары.

«Тарих-и Рашиди» шығармасы қазақ тарихы үшін өте құнды. Себебі бұл еңбек Қазақ хандығы 1465 жылы құрылған деп жазған жалғыз жазба дерек болып табылады. Әрі екі дәптерден тұратын шығарманың алты әңгімесінде қазақ жайында сөз қозғап отырған. Бұл мақалада біздің мақсатымыз еңбектің қолжазба нұсқаларын, әдебиет ретінде қолданылғанын, аудармаларын, текстологиясын, тағыда басқа кітапқа қатысты жайттарын таныстыру болмақ.

«Тарих-и Рашидидің» парсы тіліндегі қолжазба нұсқалары:

– Британия мұражайында. Add 24090. 342 парақ. Нәстәһлік жазуымен жазылған. Әр парағы екі беттен тұрады. Әр беті 19 жол, кейде 18 жол болып келеді. Бет көлемі 18/11. Жазу аясы 14/7.5 см. Толық нұсқа қатарында.

– Иран, Тегеран университеті, орталық кітапханасы. № 3218. Суретке түсірілген нұсқасы. Екі беттен тұратын 185 парақ. Әр бет 15 жол, жазу алаңы 14/7 см. Нәсх графикасы. Толық емес, негізгі көлемнің жартысына жуығын, яғни Әлаеддин Аттардың өмірбаяны басталған бетке дейінгі көлемді құрайды, дегенмен қолжазба нұсқасының бастапқы беттері жоқ.

– Өзбекстан, Ташкент, Әбу Рейхан Бируни атындағы шығыстану институты, парсы қолжазба нұсқаларының қорында. №1430. 321 парақ. 23/13.5 см. Нәстәһлік графикасы. Толық нұсқа қатарында.

– Тәжікстан, Душанбе, жазба деректер институтындағы қолжазба қорында. №475. Толық нұсқа қатарында.

Ескерту: парсы тіліндегі қолжазба нұсқалар қатарында Ресейдің Санкт-Петербург қолжазба қорында, Кашмир, тағы басқа елдердің қолжазба қорларында бар екендігі айтылады. Менің жеке қорымда Санкт-Петербург, Лондон нұсқаларының текстологиялық нұсқаларының көшірмесі бар. Сондай-ақ Өзбекстан, Тәжікстан және Иран қорларындағы қолжазба нұсқаларының көшірмесі бар. Иран қорындағы фотосурет көшірмесін шығыстанушы ғалым-шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі Тегеран сапарынан сарқыт ретінде арнайы маған алып келді. Асқан риза көңілмен ардақты ағамызға рақмет айтамын(И.Жеменей).

«Тарих-и Рашиди» қолжазбасын қайнар дерек ретінде пайдаланған еңбектер:

Жазба деректерге қарағанда алғашқы болып Мырза Қайдардың «Тарих-и Рашиди» қолжазба нұсқаларын дерек ретінде пайдаланған «Мың жылдық тарих» атты кітаптың авторлары: Қазі Аһмет Тәтәви мен Асефхан Қәзвини. Аталған кітап Жалаледдин Мұхаммед Акбәр шаһтың (1556-1605) бұйрығы бойынша 1585 жылы жазыла бастайды. Кітаптың атынан байқалғандай, бұл еңбек Ислам әлемінің жалпы мың жылдық тарихын-Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың дүние салған жылынан Акбәр шаһтың заманына дейінгі аралықты қамтитын зерттеу еңбек болып табылады. Бұл кітап авторлары алғаш рет Мырза Қайдарға өзге де аттастарынан ажырата білу үшін «Дұғлат» тайпасынан болғандықтан оның аты-жөніне «дұғлат» лақабын қосымша жалғады. Одан кейін Әмин Аһмет Рази 1593-94 жылдары бастап алты жыл көлемінде жазып аяқтаған «Һәфт ықлим» атты кітабында Мырза Қайдардың еңбегін пайдаланды. Аталмыш екі кітапта парсы тілінде жазылған үшін парсы тіліндегі «Тарих-и Рашиди» жазбаларын пайдалану қиынға соққан жоқ. Мырза Қайдардың жазбаларын ғасырлар бойы мұсылман шығыс елдерінде парсы тілдес зерттеушілер мен оқырман қауым кеңінен қолданып келді.

«Тарих-и Рашиди» толықтай ағылшын тіліне аударылғанша бірнеше рет ағылшын ғалымдар тарапынан тарихи дерек ретінде пайдаланды. Атап айтқанда, доктор I.W. Bellew, ол 1873 жылы D. Forsyth басқарған Қашғар сапары тобының бір мүшесі болып барды. Сол сапардың нәтижесі ретінде «Шығыс Түркістан тарихы» атты еңбек жазып, оның бір бөлігіне Мырза Қайдардың жазбаларын пайдаланды. Сондай-ақ R.V. Shaw, ол Жаркент пен Қашғарда іс-сапарда болғанда «Тарих-и Рашиди» еңбегінен бір бөлігін тәржімалап, 1876 жылы «Жағрафиялық қоғам» журналында жариялады. Одан соң Elliot «Үнді тарихы» атты зерттеуінде «Тарих-и Рашидидің» шағын бөлігін профессор Dowson аудармасымен енгізген. Moorcroft «Сапарнама» атты еңбегінде де Мырза Қайдардың аты аталады. Ол 1822 жылы М. Қайдардың қолжазбасымен танысқан, егер оны пайдаланған болса, «Тарих-и Рашиди» қолжазбасын пайдаланған алғашқы ағылшын болып есептеледі. Ағылшын ғалымы William Erskine 1854 жылы Лондонда баспадан шыққан «History of India» (Үндістан тарихы) атты зерттеу кітабында алғаш рет Мырза Қайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегінің бір бөлігін ағылшын тіліне аударып, «Үндістан тарихы» зерттеу еңбегіне пайдаланды. Оның аса маңызды тарихи жазба екендігін сезген Ерскин ұлы тарихшы Мырза Қайдардың «Тарих-и Рашиди» туындысы жедел түрде тәржімаланып, жарық көру керектігіне кеңес береді. Сонымен бірге Ерскин Мырза Қайдарды-беделді, дарынды ғалым ретінде бағалайды. (Ағылшын тіліндегі екі томдық «Үндістан тарихы» атты кітаптың көшірме нұсқасын маған академик, мемлекет қайраткері Әділ Ахметов 2008 жылы арнайы қабылдауында тарту етті. Бұл еңбек мен үшін зерттеу

жұмыстарымда өмірлік рухани нәр іспеттес. Осы жерде қадірлі Әділ ағамызға риясыз көңілмен ризалық сезімді білдіремін. Алла риза болғай сізге! (И.Жеменей)).

Француздар да XIX ғасырдың орта шеңінде «Тарих-и Рашиди» еңбегін тарихи дерек ретінде пайдалана бастаған сияқты. Біз білетін мәлімет бойынша француз тарихшысы Рене Гроссе (1885-1952) «Көшпенді империясы-Аттила, Шыңғыс хан, Әмір Темір» (Lempire des steppes-Attila, Gengis-khan, Tamerlan. Par: Rene Grousset) атты зерттеу еңбегін 1939 жылы жарыққа шығарды. Рене аталған кітабында Мырза Қайдар жазбаларын пайдаланды.

Орыс ғалымы В.В. Вельяминов-Зернов (1830-1904) «Тарих-и Рашиди» еңбегін жазба дерек ретінде қазақтар туралы зерттеулерінде кеңінен пайдаланды. Оны неміс текті Ресей ғалымы В.В. Бартольд (1869-1931) «Орта Азия түріктерінің тарихы» атты зерттеуіне пайдаланған. Тағы да басқа орыс ғалымдары Мырза Қайдар еңбегін пайдаланған сияқты. Бірақ шығармасы толықтай орыс тіліне аударылмай келді.

Сондай-ақ «Тарих-и Рашиди» еңбегінің негізде «әдеби әлемі», «тарихи әлемі» және «энциклопедиялық туынды» атты зерттеу еңбектер жарық көрді.

«Тарих-и Рашиди» еңбегінің парсы тілінен өзге тілдерге аудармалары жайында:

Түркі тіліне алғаш аудармасы тарихшы ғалым һәм аудармашы Мұхаммед Садық Қашғари (1725-1849) тарапынан жасалды. Бұл аударма Қашғар әкімі Юнес Тәжібек ибн Искандербек ибн Әмин Қажениң бұйрығы бойынша қолға алынды. Бұл аударма толық болмаса да түркі тіліндегі тұңғыш аударма болды. Аударманың қолжазба нұсқасы: Мәскеу қаласындағы Азия халықтары институтының шығыс әдебиеттер бөліміндегі қолжазба қорында №С569 (590о) сақтаулы тұр.

«Тарих-и Рашиди» еңбегінің тағы бір түркі тәржімасын Мұхаммед Нияз Ахунд Ниязи 1253 хижри жылында (1837-1838) Хотән әкімі Мұхаммед Әзиз Ванг бұйрығымен жасаған еді. Оның қолжазбасы жоғарыда аталған қолжазба қорында №D 0192 сақтаулы.

Мұхаммед Нияз ибн Әбдіғәфур «Тарих-и Рашиди» бірінші дәптерін 1837-1838 жылдары Хотән әкімі Мұхаммед Азиз Ванг пәрменімен өлең мен қара сөз етіп түркі тілінде тәржімалағанын зерттеуші ғалымдар растайды. Бұл нұсқада өзге нұсқалар сияқты толық емес. Нұсқасы: №120(590 ое). Мұхаммед Нияз түркі тіліне аударған деген болжаммен тағы бір нұсқа: №D 121 (590 of) санмен сақтаулы. 1747 жылы тәржімаланған «Тарих-и Рашиди» аудармасының тағы бір шағын нұсқасы: №С 570 (590of) санымен белгіленген. Оның 1322 хижри (1904-1905) жылында Қажы Жүсіп ибн Молла Ашур халифам ибн Құрбан Суфи ибн Дәулет Суфи көшіріп жазған нұсқасы бар.

Сондай-ақ Ресей Ғылым академиясы, Санкт-Петербург қаласындағы шығыстану институтының қолжазба қорында «Тарих-и Рашиди» түркі тәржімаларының толық және толық емес жеті қолжазба нұсқасы бар. Парсы тілінен тікелей түркі тіліне аударылған толық нұсқасы Өзбекстан, Ташкенттегі Әбу Рейһан Бируни атындағы шығыстану институтының қолжазба қорында №10191//II сақтаулы тұр. Ресей мен Өзбекстан қолжазба қорларындағы аталған түркі тіліндегі нұсқалар әзірше бір-бірімен салыстырып, артықшылық пен кемшіліктері, бір-бірінен айырмалары сарапқа салынып, текстологиясы жасалған жоқ. «Тарих-и Рашидидің» парсы және түркі тілдеріндегі қолжазба нұсқаларының текстологиялық жұмыстары қолға алынып, канондық нұсқасын дайындау ғылыми тұрғыдан өте маңызы зор жоба екендігін ескергеніміз жөн.

Ағылшын тілінде толықтай тұңғыш рет 1895 жылы жарық көрді. Бұл аударманы Британия мұражайындағы үш қолжазба нұсқасы, Кембридж университетінің қорындағы бір қолжазба нұсқасы сондай-ақ түркі тіліндегі екі аударма нұсқалары пайдаланылды. Оны Едвард Денисон Росс (Eduard Denison Ross) тәржімалап, Иранның Хорасан және Систан аймақтарында бас консуль болған Н.Елиас (N.Elias) аталмыш аудармаға көлемді алғы сөз, һашийе (кітаптың жиегіне түсініктеме жазу) әрі қосымшалар жазып ғылыми һәм танымдық құнын арттыра түсті. Сонымен қатар Түркістан, Тибет, Кашмир аумақтарының картасын дайындап кітапқа енгізіп, еңбектің тарихи бағасын жоғары деңгейге көтерді. Бұл еңбек кейін 1988 жылы қайта басылды. 1991 жылында тағы да Делли қаласында баспадан шықты. Бұл басылымында аталған карта алынып тасталған делінеді. Біздің қолда бар мәліметтерге қарағанда ағылшын тіліне толықтай екінші рет W.M. Thacrston тәржімалады. Бұл аударма Британия мен Ресей (Санкт-Петербург) қолжазба нұсқалары негізінде жасалды. Сөйтіп 1996 жылы Harvard университеті атынан жарық көрді.

«Тарих-и Рашидидің» парсы тіліндегі Өзбекстандағы қолжазбасын қазақ тіліне алғаш рет И.Жеменей аударды. Аударма 2003 жылы Алматы «Тұран» баспасынан жарық көрді. «Тарих-и Рашидидің» парсы тілінен екінші аудармасы «Қазақ хандығының 550 жылдығына орай» 2015 жылы жарық көрді. Бұл ретте И. Жеменей 2014 жылында Таразда жарық көрген өзі жасаған қолжазбалар текстологиясын аудармаға пайдаланды. Сондықтан жаңа аударманың бірнеше артықшылыққа ие болды. Біріншіден, пайдаланған

әдебиеттер қатары көбейді. Екіншіден, ондаған қазақ сөздерін оқуға, талдауға мүмкіндік туды. Үшіншіден, бұл аудармада «Тарих-и Рашидидің» екі дәптердегі кіріспелерін толық аударып шықты. Төртіншіден, алғаш рет жер-су, адам, ру-тайпалардың аты-жөні қазақша транскрипцияланды. Сондай-ақ осы жолдардың авторы «Тарих-и Рашидидің» парсы тілінен тікелей қазақ тіліне аударуымен қатар тұңғыш рет Мырза Хайдардың еңбегін «ғұмырнамалық әдеби шығарма» екендігін анықтап, профессорлар: Әбсаттар Дербісәлі, Мекемтас Мырзахметұлының ғылыми кеңесшілігімен 2007 жылы Әдебиет және Өнер институтының академик Серік Қирабаев төрағасы болған ғылыми кеңесінде сәтті қорғап шықты. Аталған докторлық диссертация сол жылы «Мұхаммед Хайдар Дулат-тарихшы, қаламгер» деген атпен Алматы қаласында «Зерде» баспасынан жарық көрді.

Едвард Денисон Росстың (Eduard Denison Ross) ағылшын тіліндегі аудармасын Осман Қаратай түрік тіліне тәржімалады. Ол аударма 2006 жылы Истамбулда «Selenge» баспасынан көпшілік оқырманға жол тартты.

Өзбек тілінде «Мұхаммед Хайдар Мырза-Тарих-и Рашиди» деген атпен Ваһаб Раһманов пен Янглиш Эгамова аудармасы арқылы Ташкенттегі «Шарқ» баспасынан 2010 жылы жарық көрді.

Түркі тіліндегі аудармасы «Мырза Мұхаммед Айдар Аязи-Тарих-и Рашиди» деген атпен Аманбек Үсейінбекұлы Жалиловтың алғы сөзі, түсініктемесі бойынша баспаға дайындаған нұсқасы Ташкентте «Өзбекстан» баспасынан 2011 жылы жарыққа шықты. Оны түркі тіліне Хаже Мұхаммед Шәріп 1837-1838 жылдары парсы тілінен аударған.

Ұйғыр тілінде Мұхаммед тұрды Мырза Аһмет баспаға дайындаған нұсқасы «Мырза Мұхаммед Айдар Көреген-Тарих-и Рашиди» атымен 2011 жылы Үрімжі «Шынжаң халық» баспасынан жарық көрді. «Тарих-и Рашидидің» бұл басылымына Молла Мұхаммеднияз Бенни Әбділғәфурдың түркі тіліне аударған нұсқасы негізге алынған. Оның қолжазба нұсқасы Санкт-Петербург қолжазба қорында №С.0759 нөмірмен сақтаулы тұр.

«Тарих-и Рашиди» еңбегінің парсы тіліндегі қолжазбаларына үш рет текстология жасалды.

1. W.M.Thacrston алғаш рет Ресей (Санкт-Петербург) қолжазба нұсқасына текстология жасады. Аталған еңбек 1996 жылы Harvard университеті атынан жарық көрді. Бұл текстологияда ешқандай индекс немесе түсініктеме жазылмаған.

2. Доктор Аббасқұли ҒаффариФәрд Лондан және Тегран қолжазбаларын қарастырып текстологиясын 2004 жылы жарыққа шығарды. Барынша адам, жер-су аттары, терминдер мен құран аяттарына мольнан түсініктеме жазып, өте құнды дүние ұсынған.

3. Ислам Жеменей Тәжікстан қолжазбасын негізге ала отырып Өзбекстан қолжазбасы мен Аббасқұли ҒаффариФәрдтың Лондан нұсқасы текстологиясымен қатар жаңа текстологиясын жасады. Еңбегі 2014 жылы Таразда жарық көрді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. И.Жеменей. Мырза Хайдар Дулат (1499-1551)-тарихшы-қаламгер (монография).-Алматы: Зерде, 2007.-360 б.
2. Мырза Хайдар Дулат «Тарих-и Рашиди» (парсы тіліндегі текстологиясы).-Тараз: «Сенім», 2014.– 660+32 қосымша бет.
3. Рене Гросс. «Көшпенділер империясы».-Тегран: «Ғылыми- фәрһанги» баспасы, 1365, 1016 бет.
4. Мырза Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди», парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей. Жалпы ред. басқарған және алғы сөзін жазған Әбсаттар Дербісәлі. Алматы: «Тұран» 2003.-616 б.
5. Мырза Қайдар Дулат«Тарих-и Рашиди», парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей.-Алматы: «ҚАЗАқпарат» 2015, 698 б.
6. Жеменей И. «Тарих-и Рашиди» еңбегінің әдеби әлемі.-Алматы, 2009,-200 б.
7. Жеменей И., Әбдіүәли А. «Тарих-и Рашиди» еңбегінің тарихи әлемі. -Алматы, 2009. -176 б.
8. Жеменей И., Жеменей А. «Тарих-и Рашиди» энциклопедиялық туынды.-Тараз, 2014.-124 б.